

2009 жылғы 1 наурыздағы сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайы

Сақтандыру сыйлықақылары

Жылдың басынан бастап сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың ұқсас мерзімінде жиналған көлемінен 50,9%-ға аз болып, 17 928,0¹ млн. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

млн. теңге

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.03.2008.		01.03.2009.		01.03.2008ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %-бен	Сомасы	Үлесі, %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	36 487,1	100,0	17 928,0	100,0	-50,9
Міндетті сақтандыру	4 169,9	11,4	4 315,9	24,1	3,5
Ерікті жеке сақтандыру	4 616,9	12,7	3 473,8	19,4	-24,8
Ерікті мүлдітік сақтандыру	27 700,3	75,9	10 138,3	56,5	-63,4

Кестені қарағанда міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 3,5%-ға асқаны көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша азаю - 24,8% болды, ерікті мүлдітік сақтандыру бойынша – 63,4%-ға тең болды.



2009 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 64,1% (2 766,9 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 27,8% (1 198,4 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 3,0% (131,1 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және басқалар бойынша – 5,1% түскен.

¹ сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетіліп отыр

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 17,5% (609,3 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 49,8% (1 730,9 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 5,4% (188,1 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 27,2% (943,5 млн. теңге) болып келеді;

ерікті мүліктік сақтандыруда – басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша - 16,6% (1 678,0 млн. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша (автокөлікті, әуе, теміржол, су көліктерін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) – 50,5% (5 119,7 млн. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 9,8% (995,1 млн. теңге) және басқалар бойынша – 23,1% болды.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:


Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	01.03.2008.		01.03.2009.		01.03.2008. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %-бен	Сомасы	Үлесі, %-бен	
Барлығы сақтандыру салалары бойынша	36 487,1	100,0	17 928,0	100,0	-50,9
Өмірді сақтандыру	754,1	2,1	1 131,6	6,3	50,1
Жалпы сақтандыру	35 733,0	97,9	16 796,4	93,7	-53,0

млн. теңге

"Өмірді сақтандыру" саласы. 2009 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1 131,6 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 50,1%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2008 жылғы 1 наурыздағы 2,1%-ға қарсы 6,3% болды.


"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2009 жылғы наурыз айында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 16 796,4 млн. теңге болды, бұл 2009 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда 53,0%-ға көп.

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының үлесінің құрамы



■ өмірді сақтандыру ■ аннуитеттік сақтандыру

"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімінің құрамы



■ мүлікті сақтандыру
 ■ басқа да қаржы шығындарынан сақтандыру
 ■ азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру
 ■ көлік құралдар иелерінің АЖ міндет. Сақтандыру
 ■ автомобиль көлігін сақтандыру
 ■ сақтандырудың өзге сыныптары

Қайта сақтандыру


Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 12 095,3 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 67,5%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 58,0%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 8 851,9 млн.теңге боды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 7191,6 млн.теңге болды.

млн. теңге

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	01.03.2008.		01.03.2009.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақыл арындағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақыл арындағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	16 767,3	46,0	12 095,3	67,5
резидент еместерге	14 756,2	40,4	10 396,0	58,0
Резиденттерге	2 011,1	5,5	1 699,3	9,5
Резидент еместерден қайта сақтандыруға барлығы қабылданған	4 065,7	11,1	7 191,6	40,1

Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 91,6%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 0,3%, міндетті сақтандыру бойынша – 8,1% болды.

Сақтандыру төлемдері

2008 жылдың екі айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 50,2%-ға төмендеп, 3 367,1² млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 13,9% (469,2 млн. теңге) болып отыр.

млн. теңге

Сақтандыру төлемдері	01.03.2008.		01.03.2009.		01.03.2008ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	Үлесі %-бен	Сомасы	Үлесі %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	6 756,9	100,0	3 367,1	100,0	-50,2
Міндетті сақтандыру	1 155,4	17,1	1 310,1	38,9	13,4
Ерікті жеке сақтандыру	1 058,6	15,7	1 049,0	31,2	-0,9
Ерікті мүліктік сақтандыру	4 542,9	67,2	1 008,0	29,9	-77,8


² Сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетіліп отыр.

2009 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша 47,8% (626,2 млн.теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 42,6% (557,5 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 9,4% (123,8 млн. теңге) және басқалар бойынша – 0,2% болды;

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 71,4% (749,1 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 8,7% (90,9 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 16,0% (168,3 млн. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша – 3,9% (40,8 млн. теңге) болды;

ерікті мүлктік сақтандыруда – 49,0% (493,8 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 26,3% (265,1 млн. теңге), мүлкті сақтандыру (автокөлікті, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда) бойынша – 13,0% (131,5 млн. теңге), басқалар бойынша – 11,7% болды.



Жылдың басынан бастап жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасында сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлеміне төлемдердің жиынтық сомасының 22,2%-ы болатын аурулардан сақтандыру ие болды.

Сақтандыру нарығы жөнінде жалпы мәліметтер

2009 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 44 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 8 - өмірді сақтандыру бойынша), 12 сақтандыру брокері және 63 актуарий лицензияланған қызметін жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.03.2008.	01.03.2009.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде:	40	44
өмірді сақтандыру бойынша	7	8
Сақтандыру брокерлерінің саны	14	12
Актуарийлер саны	49	63

Есепті күнге қарай 33 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

Капитал. 2009 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 170 233,4 млн. теңге болды.

млн. теңге

Қаржы көрсеткіштері	01.03.2008.	01.03.2009.	01.03.2008ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
Жиынтық активтер	265 451,7	293 873,3	10,7
Міндеттемелер	130 724,1	123 640,9	-5,4
оның ішінде сақтандыру резервтері	108 419,1	103 918,0	-4,2
басқа да міндеттемелер	22 304,6	19 722,9	-11,6
Меншікті капитал (баланс бойынша)	134 727,5	170 233,4	26,4

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2009 жылғы 1 наурызда 293 873,3 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы 1 наурыздағы осындай көрсеткіштен 10,7%-ға көп, оның ішінде:


млн. теңге

Активтер	01.03.2008.		01.03.2009.		01.03.2008ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	
Қолма-қол ақша	7 323,8	2,8	8 723,1	3,0	19,1
Орналастырылған салымдар	68 791,5	25,9	78 548,4	26,7	14,2
Бағалы қағаздар	78 754,6	29,7	99 351,2	33,8	26,2
«Кері РЕПО» операциясы	22 166,5	8,3	15 866,2	5,4	-28,4
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	33 117,7	12,5	23 479,2	8,0	-29,1
Негізгі қаражат	4 138,7	1,6	4 249,2	1,4	2,7
Қайта сақтандыру активтері	38 439,1	14,5	48 280,8	16,4	25,6
Басқа дебиторлық берешек	8 088,8	3,0	11 025,8	3,8	36,3
Басқа активтер	4 631,0	1,7	4 349,4	1,5	-6,1
Активтер жиынтығы	265 451,7	100,0	293 873,3	100,0	10,7

Міндеттемелер. 2009 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы 123 640,9 млн. теңге болды, бұл былтырғы жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 5,4%-ға аз.

Есепті күнде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 103 918,0 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы 1 наурызда қалыптасқан резервтердің көлемінен 4,2%-ға аз.

Активтерді?, меншікті капиталды? және сақтандыру резервтерінің динамикасы, млрд. теңгемен



Сақтандыру нарығының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру рыногының сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері бойынша шоғырлану деңгейінің азайғаны байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 64,6% және сақтандыру төлемдерінің 44,7% келеді.

Сақтандыру рыногы жиынтық активтерінің ішінде бес ірі сақтандыру компаниясының үлесі 52,9 % құрайды.

Жиынтық көрсеткіштерінен сақтандыру рыногының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %-бен	01.03.08.	01.03.09.
Бес ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру сыйлықақылары	70,4	64,6
Он ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру сыйлықақылары	85,1	77,6
Бес ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру төлемдері	71,5	44,7
Он ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру төлемдері	84,7	70,0
Бес ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері	53,2	52,9
Ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының меншіктік капиталы	57,5	59,3

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.03.2008.	01.03.2009.
ЖІӨ, млрд. теңге	15 249,4	16 724,1 ³
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,24	0,11 ⁴
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,89	1,02
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,74	1,76
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	2 350	1 134,9

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

³ - Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 01.02.2009ж. болжамдық деректері

⁴ – 2009 жылғы қаңтар - наурыз айларында қабылданған сақтандыру сыйлықақылары

⁵ - Статистика агенттігінің 01.03.2009ж. деректері бойынша ҚР халқы – 15 797 297 адам.